



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!




Мағжан



№14 (654)
2 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



ҚАЗАҚ КИНОСЫ: ТІЛ МЕН ДІЛ ҚҰЛДЫРАМАСЫН

Қазақ киносы – қоғамның айнасы ғана емес, ұлттың рухани тамырына нәр беретін күретамырдың бірі. Экранға шыққан әр туынды – көрерменнің көңіл сүзгісінен өтіп, санада өз орнын табары анық. Бірақ қазір кино кеңістігіндегі қазақ тілінің дәрежесі алаңдатады.

Мақаламызға қозғау салған өзекті мәселе – қазақ тілінің кинодағы ахуалы. Қазіргі фильмдердің басым бөлігінде таза, көркем қазақша диалог сирек ұшырасады. Көп жағдайда кейіпкерлер қазақша-орысша араластырып сөйлейді. Өмірдің шындығы десек те, өнердің миссиясы оған көшірме жасау емес екенін естен шығардық.

Бүгінде таза ана тілімізде шығатын отандық туынды саусақпен санарлық. Тіпті қазір фильмнің бәрі екітілділікті басты негізге алады. «Алло», «Әкенің баласы», «Дәстүр», «Ыстық ұя» және тағысын тағы фильмдер 8.0 рейтингімен көпшілікке ұнады. Бірақ осы және аты аталмаған өзге де фильмдердің барлығы қазақ және орыс тілдерінде халыққа жол тартты. Екітілділікке көрерменнің де еті үйренді. Үйренгенміз сонша, ана тіліміздегі көркем сөздерді ебедейсіз көре бастадық. Бұл біздің ұлттық құндылықтарға немқұрайлы қарауымыздың белгісі.

КОПЛАЖ А.НҮР

4



«Көрші ақысы – төңір ақысы» деген сөздің қадірін түсінген халықпыз ғой. «Алыстағы ағайыннан, жақындағы көршің артық» демекші, басыңа іс түскенде жырақтағы ағайыннан гөрі, жәрдем беруге жүгіретін, қайғы мен қуанышыңды бірінші болып бөлісетін жанашыр – көршің. Бірақ соңғы уақытта осы бір «көрші» деген қауыммен араласу азайып барады. Қатар тұрған екі үйдің бір-біріне бас сұғуы қиындады. Бұрын түскі асқаны табылмаса табасының жартысын бөліп беретін жұрт неге мұндай күйге түсті? Қойы қоралас, ағайыны аралас дәуірдің жәймен жылыстап жатқаны ма? Жағдай сұрасқанға уақыт жетпей ме, әлде пейіл тапшы ма?

Сурет ЖИ арқылы жасалған



Мақсат БЕРІҚҰЛЫ:

КӨРЕРМЕННІҢ ЖҮРЕГІНЕ

ЖОЛ ТАПҚАНДА ҒАНА МАҚСАТЫМЫЗ ОРЫНДАЛАДЫ

«Еңлік-Көбекте» Кебекті, «Аладдинде» джиннің, «Бикештерде» Леоның рөлін сомдаған біздің Мақсатты танысыз ба? Иә, өнер үлкен еңбек пен шыдамдықты талап ететін сала. Соның ішінде көптің жүрегін жаулаған орын – театр. Мұнда уақыт өткізу үшін емес, рухани құндылыққа толып, сезімге ерік беру үшін келетініміз жасырын емес. Кейінгі кездері бұл сала көрермен арасында танымалдыққа иеленіп жүргенін жоққа шығара да алмаймыз. Осы орайда Жастар театрының өртісі, труппа жетекшісі және «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері – Мақсат Серіковті еңгімеге тарттық.



4



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КОМАНДАНЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ МА?

5-БЕТТЕ

КӨРШІҢІЗБЕН ҚАЛАЙСЫЗ?

Тақырып туралы қалам тербегенде ең бірінші үш ғасыр бұрын Мөңке бидің айтқан сөзі ойға оралды. «Бір-біріне қарыз бермейді, Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді». Қалай, ә? Бүгінгі жағдайға қарап бидің тура бізге қаратып айтқанына таң қаласын. Көршілер арасындағы сыйластық, татулық, ізеттілік қалада азайды деп жүргенбіз... Қазір бұл жағдай ауылға да жетті. Түбегейлі солай болып кетті демеспіз. Бірақ барды бар деуіміз қажет.

Нарық заманына илесеміз деп ұлттық құндылықтарымыздан айырылып бара жатырмыз ба? Адам пейілі өзгерді ме, әлде қоғамның талабы өзгерді ме, билмеймін, әйтеуір іргелес отырған отбасының тұрмысы мен тіршілігіне араласу былай тұрсын, аман-саулығын білу де салтымыздан ажырап бара жатқандай.

3-БЕТТЕ



ХАТ ЖАЗДЫМ ҚАЛАМ АЛЫП...

6-БЕТТЕ

АҚЫЛДЫ БОЛУ АДАМДЫ БАҚЫТТЫ ЕТЕ МЕ?

8-БЕТТЕ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ОРДАЛЫ ЖЫЛАННЫҢ КЕГІ

Қателеспесем, 8 жастамын. Қоңыр күз еді... Әкеммен бірге Арал ауданына қарасты Үкілісай атты елді мекеннің шетінде орналасқан атамның бейітіне қарай жол тарттық. Құмды жолдармен қырға қарай беттеп, марқұм атамның рухына құран бағыштау үшін келе жатырмыз. Жолтеректің кенжесі Бақыттың шыр етіп дүниеге келген, туған жерге табаны тигендегі ең әуелгі жұмысы осы.

Жолай жусан теріп келе жатқан әкем оның қандай шөп екенін, бала күнінде басынан өткен қызықтарын баяндай бастады. Кенет алдымыздан ұзындығы бір жарым метрдей болатын сұсты сұр жылан ирелеңдей жөнелді. Деру тоқтай қалып, ұзап кеткенше көз жазбай тұрдық. Содан соң қайта жүре жөнелгенде: «Әй, мына бір жыланды таспен ұрып өлтіргенде, ауылдағы достарыма көрсетіп мақтанушы едім» деп сөз бастады. Сонда әкем: «Жөніне кетіп бара жатқан жорғалаушы зиянын тигізбесе, біздің бас салғанымыз жарамас. Егер ордалы жыланның бірі болып шыкса, тіптен жоламағанымыз жөн» деді.



3

ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕР

Өмірдің әр белесі мағыналы еңбекпен өлшенеді. Ал саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, ақпарат саласының өркендеуіне үлес қосқан жандардың жолы – әрдайым құрметке лайық. Осындай тұлғалардың бірі – Қазбек Ботаев. Ұжымы оны құрметті еңбек демалысына шығарып салды.


Жақында тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында ұжым ішінде үлкен беделге ие болған, кейінгі жылдары облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы қызметін атқарып, басылымның мазмұнын жаңғыртып, оның қоғамдық маңызын арттыру жолында аянбай еңбек еткен білікті журналист Қазбек Камалұлын зейнет демалысына шығарып салуға арналған жиын өтті.

«Сыр Медиа» ЖШС қызметкерлері бас қосқан жиында мекеменің бас директоры Марат Аралбаев Қазбек Камалұлының еңбегіне ерекше тоқталып, ұжым атынан алғыс білдірді. Сондай-ақ оған алғыс хат табысталып,

иығына шапан жабылды. Әріптестері де жылы лебіздерін білдіріп, ұзақ жыл бірге қызмет еткен азаматқа деген құрметтерін көрсетті.

– Құрметті әріптестер, Қазбек Камалұлының еңбек жолы телеарнадан басталып, әрі қарай басылымда қызмет етті. Ақпарат саласындағы еңбегі жоғары бағаланып Қазақстан журналистер одағының Құрмет грамотасы және өзге де беделді марапаттарға ие болды.

Сізге ұжымның атынан атқарған жұмысыңыз бен еңбегіңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта ардагерлер қатарында да түрлі іс-шарада бас қосып, ұжыммен бірге



болғаныңызды көргіміз келеді, – деді «Сыр Медиа» ЖШС бас директоры Марат Жайылханұлы.

Қазбек Камалұлы қоғамдағы өзекті мәселелерді қолға алып, халықтың мұң-мұқтажын жеткізетін журна-

лист, әріптестермен бір толқынды бола алатын білікті басшы ретінде танылған. Оның үлкен тәжірибесі, адалдығы, шешімді нық қабылдаудағы парасаттылығы мен әріптестерге деген қамқорлығы әрдайым есте қалады.

– Бұл жерде еңбек еткен уақыт мен үшін өте ыстық әрі әрдайым жүрегімнің төрінде орын алады. Қолдауларыңызға, сенімдеріңізге және бір болған ұжымға рақмет айтамын. Атқарған қызметім мен жасалған жұмыстың нәтижелі болуының себепкері болғандарыңыз үшін алғысым шексіз, – деді Қ.Ботаев.

Зейнеткерлік – бір кезеңнің аяқталуы ғана емес, жаңа өмір белесінің бастауы. Сондықтан Қазбек Камалұлының өнегелі жолы мен тәжірибесі кейінгі буынға әрдайым бағыт-бағдар болып қала бермек.

Акерке ДАРХАНҚЫЗЫ,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ИКЕМДІЛІК — ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ:

ҚАЗІРГІ ЖАС МАМАН ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Кейінгі жылдары еңбек нарығы көз ілесес жылдамдықпен өзгеріп келеді. Бір кезде сұранысқа ие болған мамандықтардың өзі бүгінде өзектілігін жоғалтып, олардың орнын жаңа, заманауи бағыттар басуда. Осындай жағдайда «жас маманға жұмыс бар ма?» деген сұрақ көпшілікті алаңдататыны заңды.

Бүгінгі еңбек нарығында дипломнан бұрын дағды маңыздырақ бола бастады. Жас мамандар көбіне тәжірибенің жоқтығынан жұмыс табуда қиындыққа тап болады. Алайда бұл жерде мәселе тек жұмыс берушіде емес. Нарық талаптары өзгерді. Қазіргі таңда жұмыс берушілер тек теориялық білімге емес, нақты нәтиже көрсете алатын, бейімделгіш, бірнеше бағытты қатар меңгерген мамандарды іздейді.

Сарапшылардың айтуынша, алдағы бес жылда еңбек нарығында мүлде жаңа бағытталып келеді. Әсіресе цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, деректерді талдау, цифрлық маркетинг, экология және «жасыл экономика» салалары қарқынды дамиды. Сонымен қатар онлайн білім беру, контент жасау, UX/UI дизайн сияқты бағыттар да кенінен сұранысқа

иә болмақ. Яғни болашақ мамандықтар технология мен шығармашылықтың тоғысқан тұсында пайда болады.

Ал кейбір мамандықтар біртіндеп маңызын жоғалта бастайды. Қарапайым қайталанатын жұмысты талап ететін қызметтер, мысалы, кассирлер, операторлар, кейбір бухгалтерлік және құжат айналымына қатысты мамандықтар автоматтандырудың әсерінен қысқарады. Бұл толық жойылады деген сөз емес, бірақ олардың форматы өзгереді. Адам еңбегін техника алмастыра бастаған сайын, қарапайым орындаушы емес, ойлай алатын мамандар қажет болады.

Осындай өзгерістер жағдайында жас маман қандай жолды таңдауы керек? Ең алдымен, үздіксіз білім алу дағдысын қалыптастыру маңызды. Бір дипломмен шектелу – бүгінгі күні үлкен қателік. Қосымша курстар, тәжірибе,

өзін-өзі дамыту – табыстың негізгі кілті. Екіншіден, бір ғана мамандыққа байланып қалмай, бірнеше бағытта қабілетті болу қажет. Мысалы, маркетинг тек жарнама жасаумен шектелмей, аналитиканы да түсінуі тиіс.

Сонымен қатар, коммуникация, сыни ойлау, уақытты басқару сияқты «құмсақ дағдылардың» рөлі артып келеді. Бұл қасиеттер кез келген салада сұранысқа ие. Ал технологияны игеру – қазіргі заманның міндеті. Қай салада жүрсе де, цифрлық құралдарды меңгерген адам бәсекеде ұтылмайды.

Еңбек нарығы бұрынғыдай тұрақты емес. Ол үнемі қозғалыста. Сондықтан бүгінгі жас маманға ең қажет қасиет – икемділік. Өзгеріске бейімделе алған адам ғана ертен өз орнын таба алады. Ал кім уақыт талабын ескермесе, сол нарықтан шет қалуы мүмкін.

Камилла САҒЫНДЫКОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

«Сыр жұлдыздары» академиясының есігін ашқан сәттен-ақ ерекше бір әлемге келдік. Бұл жерде әр қадамнан шығармашылық пен жаңашылдықты, жас таланттардың шабытын сезуге болады. Үш қабатты ғимараттың іші тек оқу ғана емес, оқушыларға өздерін дамытып, идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірегей шығармашылық алаңға айналған. Заманауи талаптарға сай, жанашыл бағыт пен стильде жобаланған орталықтың аумағы 9 770,20 шаршы метрді құрайды.

ШАБЫТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ АЛАҢЫ



Қазіргі таңда академияда 6 бағыт бойынша 52 үйірме жұмыс істейді. Солардың бірі – «Жас журналист» үйірмесі. Әсел Асылбекқызының бауырмен ашылған бұл үйірмеде 3 топ, ал әр топта 15 оқушы, барлығы 45 болашақ журналист білім алады.

Әсел Асылбекқызының айтуынша, сабақ барысында оқушыларға ақпаратты дұрыс жинау, мақала жазу, журналистік зерттеу әдістерін меңгеру секілді жұмыстар үйретіледі. Қазіргі таңда «Жас журналист» үйірмесі тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өз ойын еркін білдіру, жауапкершілік сезімін арттыру және топта жұмыс жасау қабілеттерін дамытуға да бағытталған. Академияның шығармашылық атмосферасы жас журналистерге өз қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді.

«Журналистика – өмірлік миссиям»

Академиямен танысу барысында 11 сынып оқушысы Ақмаржан Амангелдімен танысып, азды-көпті әңгімелестік.

– «Сыр Жұлдыздары» академиясында тамыз айынан бастап білім алуамын. Қызығушылығымды оятқан бағыт – «Жас журналист» еді. Жетекшім Әсел Асылбекқызы тақырыптарды терең түсіндіріп, алғашқы оқу жылында теориялық сабақтарға шолу жасады. Сол сабақтардың арқасында журналистиканың негізін, ақпарат жинау мен өңдеудің, мақала құрастырудың әдіс-тәсілін үйрендік. Қазіргі таңда практикалық сабақтарға көп көңіл бөліп жатырмыз. Яғни жаналық жазу, сұхбат алу, подкаст түсіру, аудиоматериалдарды өңдеу секілді нақты іс-тәжірибелерге кірістік. Шығармашылық қабілеттерімізді дамыту, тұлға ретінде қалыптасу жолында академияның рөлі зор, – дейді Ақмаржан Амангелді.

Ақпарат саласының болашақ майталманы халық пен биліктің арасындағы байланысты күшейтіп, екі жақты түсінілуіне септігін тигізетін журналист болуды қалайды.

– Журналистиканы тек мамандық емес, өмірлік миссиям деп санаймын.

Алдағы 10-20 жылдағы еңбек жолымды дәл осы салаға арнағым келеді. Әрбір мақала, әрбір сұхбат менің ойымды, көзқарасымды халыққа жеткізуге, қоғамдағы өзгерістерге ықпал етуге бағытталғанын қалаймын, – деді ол.

Жас таланттардың жетістіктері

Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда Fly Orda командасы ерекше белсенділік танытып келеді. Академиядағы «Дрон ұшыру» шығармашылық-инновациялық үйірмесі оқушыларға тек техникалық дағдыларды үйретіп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін де дамытады. Үйірме мүшелері халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, Астана, Алматы және Орал қалаларында өнер көрсетіп, жеңіспен орады.

Хореография бөліміндегі «Сыр жұлдыздары» би ансамблінің мың бұралған таланттары да өнерін үздіксіз дамытып, жақсы нәтиже көрсетуде.

– Жақында ансамбль Өзбекстанның Самарқанд қаласында өткен «Жеті өнер» халықаралық конкурсында бас жүлде иеленіп, «Ең үздік топ» номинациясын алды. Сонымен қатар Түркияда, Ыстанбұл қаласында өтетін халықаралық байқауға жолдама алды.

Сондай-ақ «Жас журналист» үйірмесі де белсенді жұмыс атқарып келеді. Қатысушылар республикалық «Жас тілшілер» форумында жобаларын қоғам назарына ұсынады. Мақала, сұхбат, подкаст жариялап, шығармашылықтарын дамытуда. Оқушылар аудио кітаптар шығарып, дыбыс жазу студиясында арнайы өңделген материалдарды «Syr FM» атты әлеуметтік желілері мен ресми сайттарға тұрақты жүктейді, – деді Әсел Асылбекқызы.

«Сыр жұлдыздары» жастардың кәсіби және шығармашылық дамуына тың серпін беруде. Алдағы уақытта бұл жас дарындар тек аймақтық емес, халықаралық аренада да өздерін көрсететіндігіне сенім мол.

Акерке ЖАҢАБАЙ
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ЕҢСЕСІ БИІК

Оқу жылының аяқталуына сәл қалды. Иә, демалыстың ауылы алыс емес. Оған оқушылар да дән риза. Десе де 11 сынып оқушылары үшін үшін бұл кезеңнің жүгі бөлек. Қуанышпен қатар қиындық, үмітпен қатар қорқыныш та бар. Себебі дәл осы күндері ҰБТ басталды.

Дегенмен ҰБТ-ны үрейге айналдырудың қажеті жоқ. Ол алынбайтын асу емес. Керісінше, табандылық пен жүйелі еңбектің нәтижесін көрсететін, еңсере алатын шың.

Мысалы біздің бүгінгі кейіпкеріміз Шапағат Махаш ақылы бөлімге түсуге жарамды екі ҰБТ нәтижесінде де рекордтық көрсеткіш көрсетті. Ол қаңтар айында тапсырған тестілеуде мүмкін болған 140 балдың 138, ал наурыз айында 139 балл жинады. Қызылордалық жас түлекпен әңгімелесудің сәті түскенде, біз де сауал жолдап үлгердік.

Иә, барлық жетістіктің артында қажыма қайрат пен үлкен еңбек бар. Шапағат Шақдатықызының жоғары нәтижеге жетуі – өз дегенінен қайтпайтын мінезі мен еңбекқорлығының жемісі десек қателеспейміз. Оның айтуынша, маңызды тестке 2 жыл дайындалған. Алғашқы уақытта IELTS, кейін 3 пәнге басымдық берген. Ал Шапағат үшін ҰБТ – мүмкіндік.

– ҰБТ – болашаққа үлкен мүмкіндік. Өйткені бұл тест арқылы біздің қай жерде және қандай білім алатынымыз шешіледі. Сапалы білім, дұрыс университет пен жақсы ортаға қол жеткізу үшін жоғары балл жинау, әрине, маңызды, – деп сөз бастады Шапағат.

Ал рекорд орнатуы бақ па, әлде бап па? Кейіпкеріміздің өзі қалай ойлайды екен?

– Әрине, ҰБТ-да ғана емес, жалпы

өмірдегі жетістіктерде де бақ пен баптың қатар жүргені дұрыс деп есептеймін. Бұйырған кетпейді. Қашыма жоғары балл аламын деп дайындалсам да, Құдайдың жазғанынан артық ештеңе ала алмаймын. Бірақ қол қусырып отыруға да болмайтынын естен шығармаған жөн. Талпынып, еңбек етіп, ниетін түзу болса – түбінде жетесің. Ал бұл нәтиже соның дәлелі деп ойлаймын. Бақ пен еңбегім қатар келді.

Ата-анамның қолдаусыз бұл нәтижеге жету мүмкін болмайтын еді. Олар үнемі қолдап, рухани әлсіреген сәттерде түсініп, жағдайымды жасады. Үй шаруасына араластырмай, барыныша білім алуыма мүмкіндік берді. Ең маңызды қолдау – ҰБТ-дан кейін. Сол кезде өкпенің қолдауы, анамның жұбаты сөздері маған өте қажет болды, – дейді ол.

Ұстаздың да рөлі зор. Шапағат мектебіндегі дүниежүзі тарихы пәнінен сабақ беретін Айбар және математикалық сауаттылық пәнінің мұғалімі Мақсат ағайларына рақмет айтысқы келеді. Себебі оқушының жетістігінің артында ұстаз тұрады. Айтуынша, екі ұстаздың оқыту әдісі ерекше.

Әңгіме барысында Шапағаттан замандастарына кеңес сұрадық.

– Уақытты босқа жібермеу қажет, әсіресе 11 сыныпқа дейінгі жаз мезгілін тиімді пайдалану керек. Бір ай ішінде Қазақстан тарихы мен бейімдік пәндерді қайталап шықса, кейін есте сақтауға да



оңай болады. Ал тест кезінде бірінші белгілеген жауапты көп өзгертпеу керек. Себебі көбіне алғашқы белгілеген жауап дұрыс болып шығады. Білімге, оқуға жақын болып, әрқашан ізденіп жүруге кеңес беремін. Білім – өзіңе жасаған ең жақсы инвестиция, – деп нақтылады ол.

Армансыз адам – қанатсыз күспен тең. Әр адамның алға жетелейтін үлкен арманы болу керек.

– Иә, арманым көп. Дегенмен, арманды ашық айтуға болмайды деген жеке ұстанымым бар. Бірақ болашақта еліме пайдасы тиетін азамат болғым келеді, – дейді Шапағат.

Мектеп табалдырығынан аттағалы тұрған жас түлектерге сәттілік тілейміз!

Ақмаржан АМАНГЕЛДІ,
Әбубәкір Тыныбаев атындағы
№11 мектеп-лицейінің оқушысы

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Иә, күн жылығанда көпқабатты тұрғын үйлердің терезесі айқара ашылады. Таза ауа кіргізіп, үй ішін желдету – қалыпты жағдай. Десе де дәл осы мезетте қауіп те қатар келеді.

Кейінгі жылдары балалардың терезеден құлап кету жағдайы тіркелуде. Ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы, терезеде уақытша бекіткіш торлардың немесе блокиратор аппараттарының болмауы және балалардың терезе алдында ойнауы – қайғылы жағдайдың басты себебі.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында облыстық ТЖД Төтенше жағдайдың алдын алу басқармасының бас-

шысы Оразбеков Асхат баяндады.

– Ең алдымен ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуы керек. Егер үйде бала болса, терезені ашық қалдырмаған жөн. Терезеде арнайы қорғаныс құралдары орнатылмаған жағдайда торын сенімді тірек ретінде қарастыруға болмайды. Өйткені балалар көбіне сол торға сүйеніп тұруды ұнатады. Сондай-ақ терезе, балкон немесе шыны есіктердің ал-

дында ойнап жүрген балаларды қараусыз қалдырмау өте маңызды. Балалардың терезе алдына шығып кетпеуі үшін жинақтарды да терезенің жаңына қоймаған дұрыс. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үнемі түсіндіріп, арнайы сабақтар өткізу қажет. Үлкен балаларды кішкентай бүлдіршіндерге қамқор болуға үйрету де маңызды. Ал ең тиімді қауіпсіздік шараларының бірі – балалар терезені өз бетімен аша алмауы үшін терезеге арнайы блокиратор немесе тұтқасына құлып орнату, – дейді мамандар.

Төтенше жағдайлар департаменті бұл мәселенің алдын

алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Жыл басынан бері мамандар тұрғындар арасында түсіндіру шараларын ұйымдастырып, 3000-ға жуық адамды қамтыған 20-дан астам кездесу өткізген. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында 15 рет ақпарат жарияланып, баспасөзде 12 материал жарық көрді. Төтенше жағдайлар қызметінің дерегіне сүйенсек, 2026 жылдың басынан бері Қызылордада ата-анасының қараусыз қалуы салдарынан балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты екі оқиға тіркелген.

А.ЖАҢАБАЙ

Басы 1-бетте

КӨРШІҢІЗБЕН ҚАЛАЙСЫЗ?

Меніңше, заман да, қоғам да өз орнында. Күнкөріс қамы деп жүріп, көрші-қолаңмен қатынаспай, жақынымызды жат еткен өзімізден кінә бар секілді. Қоңсы тұрып, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, керек-жарак ауыспайтын, балалары бірге ойнамайтын жағдайлар бар. Бұл бай мен кедей, мансап пен беделдің тартысына ұқсайды. Келісесіз бе?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Ұлтымызда «Жақсы көрші – төрің, жаман көрші – көрің», «Жақсы болсаң көршімен, кем болмайсың еңшіңнен», «Отты шұқысаң – өшіресің, көршіні шұқысаң – көшіресің» деген мақал мәйегі көршінің қадір-қасиетін аңғартады. Рухани құндылығымызға терең бойласақ, көршінің ақысын жемеу, қадірін білу, сыйлап-құрметтеудің тамаша үлгісін байқайсыз. Шындығында басына киындық келгенде ең алдымен көмекке құдайы көршің келетіні рас. Қолтығыңнан демеп, қуаныш-қайғыңды тең бөлісетін жандарды періште демей көріңіз. Мұны Жаратқан Ием қасиетті хадисінде ақ қанатты періштеге балап, жардемші ретінде жібергенін айтады. Әрі арғы өмірде «Бұл кісі қандай болып еді?» деп көршіңнен жауап сұралады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Сендердің біреулерің өзіңіз жапсарлас қабырғасына көршісінің арқалық бөренесін қоюына тыйым салмасын», – деп үкім етіпті. Ал қазір жарты

метр жер үшін көршімен дауласып, қадір-қасиетін кетіріп жүрген жандар қаншама десесіңізші?!

Көршінің қиямет күнде сұралатын ақысын түсінген жандар көршінің разылығын алуға бекінген. Көпке тәлім болсын деп, болған бір оқиғамен бөлісейін. Бір ауылда Құлайхан деген үлкен апа болды. Балалары қызметпен қалаға көшіп, қарашаңырақта бір өзі қалды. Өле-өлгенше отын өшірмей, ауылда тұрды. Осы апаға көршісі Бағлан деген жас жігіт қарайласып, отын-суын қамдап тұрды. Апа өмірден озған соң «Осы кейіуанаға неге сонша қарайластың, балаларыңан артық қарадың ғой. Сыры неде?» деп сұрадым. Ол: «Бұл кісі анаммен сырлас еді. Бір-бірінің балаларын бағып, емізіп, адалынан ас жетізді. Анам өмірден озарында осы апаны аманаттады. Менің перзенттік парызым ол апаның бізге жасаған жақсылықтарының қасында тұқ емес» деді көргенді жас жігіт.

Бес күн жалғанға кім келіп, кім кетпеді десесіңізші? Гибратты ғұмыр кешуді үлгісін көрсетіп, ұрпаққа тәлім-тәрбие беру өзіміздің құзырымызда. Жақын адамдарымыз бен басымызға іс түскенде ғана емес, қадірімізді арттырып, барымызды бағалау үшін көрісіп тұрған абзал. Әйтпесе, «Жаман көрші көңіліңді қалдырады, жақсы көрші жұлдызыңды жандырады» деген емес пе?

Расында бірлік-ынтымаққа құрылған қарапайым қалыптан таңбай, қанға сінген бұрынғы дәстүрімізден ажырамағандық не жетсін?! «Көршіні адам таңдамайды, құдай қосады» дейді. Көрші-қоланды туысынан да жақын қабылдайтын текті халықтың ұрпағы екенімізді абзал іспен, ізгі амалмен дәлелдеуді ұмыт қалдырмасақ игі.

Құрметті оқырман, айтыңызшы, сіз, көршіңізбен қалайсыз?

Нұр БАҚЫТ

Ықылым заманнан халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, өмір сүру салтының ажырамас бөлігіне айналған талай дәстүр мен наным-сенімі бүгінгі күнгі сүзгісінен өте алмай, біртіндеп көмескі тартып барады. Уақыт алмасқан сайын ұрпақтың дүниетанымы да өзгереді. Соған сай бұрын «қасиетті» деп танылған кейбір ұғым бүгінгі қоғамға тосын, тіпті кейде қисынсыз көрінуі мүмкін.

ЗАМАННАН ТЫС ҚАЛҒАН ТЫНЫС

Мәселен, ертеректе жаңа туған сәбиді қырық күнге дейін сырт көзден жасыру, үйге бөгде адам кіргізбеу кең тараған нанымдардың бірі еді. Оның түп-төркіні нәрестені түрлі ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтау ниетінен туған деседі. Алайда қазіргі медицина мен гигиена талабы дамыған заманда бұл сенім бұрынғыдай қатаң сақталма бермейді. Дәрігерлер керісінше, таза ауа мен дұрыс күтімнің маңызын алға тартады.

Сол сияқты «жас келін табалдырықты баспасын», «түнде тырнақ алуға болмайды», «қысқырсаң кедей боласын» секілді тыйымдардың да астарында белгілі бір өмірлік тәжірибе мен сақтық жатыр. Мысалы түнде жарық нашар кезде тырнақ алу қауіпті болғандықтан, оны тыйған. Ал ысқыруды жаман ырымға балау – бос, мәңсіз әрекеттен тыюдың бір тәсілі.

Дегенмен уақыт өте келе бұл нанымдардың мәні көмескіленіп, тек сыртқы формасы ғана сақталып қалды. Тек сол дәуірдің көзін көріп, тәрбиесін бойына сіңірген ұрпақ ғана әлі де сол ұғымдарға берік. Қазіргі жастардың көбі мұндай тыйымдарға күмәнмен қарап, олардың ғылыми негізіне үңіле бастады. Лайықты аргумент таппаса дәстүрді ұстанудың маңызы жоқ деп



Суреттер «ЖИ» арқылы жасалған

табады. Бұл қоғамның саналы түрде жаңғырып келе жатқанын көрсетеді.

Алайда ескірді деп, барлық дәстүрді теріске шығарудың да жөні жоқ. Себебі әрбір салт-дәстүр – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің, дүниетанымының айнасы. Маңыздысы – сол дәстүрдің мәнін түсініп, бүгінгі өмірге лайықтап, қажет тұсын ғана сақтау.

Түйіндей айтқанда, дәстүр мен наным-сенім – қатып қалған қағида емес, уақытпен бірге өзгертін тірі құбылыс. Бүгінгі ұрпақтың міндеті – соның асылын ажыратып, ақыл сүзгісінен өткізе отырып, келер күнге аман жеткізу.

Нұршат НЫШАНОВА

ЖЕТІ КҮЛШЕНІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Жеті шелпектің шарапатына сенетін халықпыз. Жұма сайын жеті күлше пісіріп, көрші-көлемге, ағайын-жақынға таратамыз. Жаман түс көріп, көңілге күдік ұяласа да, сапарға аттанарда да жеті күлше пісіріп, иіс шығаруға кірісеміз.

Халық арасында бұл нанымға байланысты аңыз бар. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, ертеде қыран құсты баулып, саятшылық құратын аңшы болған екен. Аңға шыққанда бірнеше күн жүріп, қанжығасы үнемі майланып оралады. Бір күні ол тағы да тауға кетуге әзірленеді. Құзар шыңға ұя салатын ақиық қыранның балапанын үйіне әкеліп баптауды ойлайды. Ал сапарға шығатын күні ұйқысынан шошып оянып, бір бөлені сезгендей әйеліне жеті күлше таратуын айтады. Жұрт «Қабыл болсын!» деп, күлше наннан дәм татады. Ал

дал осы «Қабыл болсын!» деген сөз аңшының жолын ашқандай. Себебі аңшының келетінін сезген қыран «Бөгде біреу ұяма тиісіп, балапанымды алып жатса, жартасты жаңғырықтырып хабар берерсің. Оны құздан лақтырып, көздерін ояйың» деп балапанын тауға аманаттап кетеді. Бірақ біршама уақыттан соң, қыран ұяға келсе, балапаны жоқ. Ол аңшының алып кеткенін біліп, қатты налиды. Сонда тау «Мен саған хабар бергім келген. Бірақ аңшы балапаныңды алып жатқанда жеті күш жеті жағымнан басып, тырп еткізбеді. Қозғалуға мұршам болмады»

деп жауап қатқан екен. Міне, «Жеті күлше жеті түрлі бөледен сактайды» деген сөз осыдан қалған.

Бірақ неге «жеті»? Ел ішінде жеті күлшеге қатысты тағы бір тағылымды әңгіме айтылады. Қазығұрт өңірінде өмір сүрген Ысқақ жолаушы әулие кісі дүниеден өткенде, оның ұлы Ысмайыл жолаушының қыркына дейін әр бейсенбі сайын жеті күлше пісіріп, жұртқа таратып отырған деседі.

Бірде біреу одан «Неге жеті күлше таратасыз, біреу болса болмай ма?» деп сұрағанда, ол «Жеті күлшенің сауабы жеті

атаңа, тіпті жетпіс атаңа дейін жетеді. Ал бір күлше өзіңе ғана тиеді» деп жауап берген екен.

Қазақ дүниетанымында «жеті» саны ежелден киелі саналған. Халқымыз жеті атадан аспай қыз алыспаған, жеті қазынаны қастерлеген, жеті қабат көк, жеті ғалам деп әлемнің тұтастығын осы санмен байланыстырған. Сондықтан жеті күлше пісіріп тарату да жай ғана ырым емес, жақсылық тілеп, жамандықтан сақтанудың белгісі ретінде қалыптасқан.

Айта кету керек, кей өңірлерде «жеті шелпек» деп аталса, енді бір жерде «жеті күлше», «жеті нан» деп айтылады. Атауы әртүрлі болғанымен, мәні бір.

Ину МАРЖАН



Суреттер «ЖИ» арқылы жасалған

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен наным-сенімдерінде тыйымдар үшін ерекше орын қарастырылған. Әрқайсысының астарында терең тәрбиелік мән мен ұлттық құндылық жатыр. Солардың ішіндегі ең жиі айтылатыны – «бос бесікті тербетпе». Кейінгі кездері қоғамда үлкен өзгерістерді байқауға болады. Кейбір дәстүрлер жана бағытқа ұласып жатады. Бірақ бұл ұстаным әлі күнге дейін халық аузынан түскен емес.

БОС БЕСІКТІ ТЕРБЕТПЕ

Қазақ қоғамында бос бесікті тербету жамандыққа әкеледі деген пайым бар. Ол – тек баланың жататын орны емес, ұрпақтың жалғасуының символы. Бұл туралы этнограф Досымбек Қатранның «бос бесікті тербету баласыз, ұрпақсыз қаласың деген сөз. Себебі бала өмірге келгеннен оны бесікке салып, тербетеді. Бала дүниеге келгеннен кейін ғана бесіктің жабықтарып алып, оны жанартып, ат қояды» деген пікірі бар.

Бос бесікті тербету – қасиетті ұстанымды қорлаумен тең. Халық арасында «Бос бесікті тербетсең, ішіне шайтан жатып алады» деген сенім де қылаң береді. Десе де мұндай жағдай орын алмас үшін жасалатын рәсімдер туралы этнограф Болат Бопайұлы да пікірін білдірген.

– «Тал бесіктен – жер бесікке» деген сөз бар. Халқымызда бос бесікті тербетпейді, бейуақытта оны далаға қоймайды, бесікті арша, адыраспанмен аластағаннан кейін ғана баланы салады. Сәбиге жыныбыр, көрінбейтін қара күштер жоламын деп бесіктің басына қайшы, пышақ, қамшы жастап та қояды. Ал бала есейгенде бесікті далаға тастамаған, – деген ол.

Бос бесікті тербетпеу туралы тыйым халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінен туған пайым. Бұл дәстүр бізді киеліні қастерлеуге, болашаққа сеніммен қарауға және ұрпақ қамын ойлауға бағыттайды. Технология дамыған заманда бұл ескі наным-сенім болып көрінуі мүмкін, бірақ оның астарында жатқан «ұрпағың аман, бесігің балалы болсын» деген игі тілек ешқашан мәнін жоймайды.

Мейір НИЕТ

Басы 1-бетте

ОРДАЛЫ ЖЫЛАННЫҢ КЕГІ

Мен біршама уақыт үнсіз қалғаныммен қайтар жолда ордалы жыланның не екенін білмекке ұмтылдым. Шындығында, егер олардың тобырындағы біреуіне жолығып, қапияда қанын шығаратын болсаңыз, қалғандары сені тауып алып түп тамырыңмен жойып жіберетін көрінеді. Міне, осы бір зиянды жыртқыш туралы сіздермен ой бөліспекпін.

Ілгеріде далада көшіп-қонып жүрген көшпенді бабалар табиғи апаттан, тылсым дүниелерден, алып күшке не жыртқыштардан сақтанып жүрген. Тіпті өздері қауіптенген, қасірет әкелетін кейбір жаратылыс иелерін атымен атамай, алмастырып отырған екен. Қазақы мәдениеттің көзқарасын білдіретін бұл ұғым «табу» деп аталады. Қасқырды «итқұс», найзағайды «жай» деген бабалар ініне түзу кіретін жыланның өзін «шұбар» деп алмастырған. Ал кей әңгімелерде «стүйем» деп те айтып отырған.

Байқасаңыз, жыланды көпшілік киелі тіршілік иесі деп айтып жатады. Түрлі түске бөлінетін олар өте көп. Біз тақырыпқа арқау етіп отырған ордалы жыландар да өз уақытында көптеген жанның жанын алған деседі. Содан кейін оларға жолаудың қажет еместігін түсінген халық жөніне жіберген.

Өткенде әлеуметтік желінің сыр сандығынан қалың жыланның қаптап келіп, қара трассадан құжынай көшіп бара жатқан суретін көрдім. Зерттеу келе олар сезім келгендіктен ордаларына қауіп төнетінін байқап қалса, бірден орын ауыстыратынына көз жеткіздім. Көшу барысында топтың шеткі жағында қарауыл қызметін атқаратын жыландар тұрады. Олардың міндеті – топты сыртқы жаудан қорғау. Ал алдыңғы шептегілер жөн білетін жолкөздерлер. Егер жолдан өтіп бара жатса барлығы бірдей арғы бетіне өткенше қарап тұру қажет. Мейлі ол адам, жануар болсын күтуге тура келеді.

Ертеректе жыланды ем-домға пайдаланған екен. Халық емшілері жыланның басын шауып, ішін тазалағаннан кейін оны терісімен бірге қазанға қайнатып, сорпасын сырқаттанғандарға ішкізген. Ол сорпа қан айналымын қалыпқа келтіріп, денеде түйіршіктелген қою қанды

сұйылтады. Сонымен қатар ішкі ағзаны толығымен тазартып, тіпті алғашқы кезеңдегі рақ ауруынан айықтырады. Мұнан бөлек оның уы да түрлі мақсатта қолданылып келгенін ұмытпау қажет. Бұрындары мұның көмегімен таққа таласқан билік басындағылар өзара жауласқанда бір-бірін осы жыланның уымен мерт қылған.

Жылан жайында ертеден бүгінге дейін ауыздан ауызға тарап жеткен түрлі аңыз-әңгіме мен эпсаналар жеткілікті. Соның бірі – Жанкенттегі жантүршігерлік оқиға. Бұл аңызды білмейтін жан баласы жоқ шығар. Орта ғасырда оғыздардың астанасы болып, уақыт өте тұтас қаланың бір күнде қирағанын елестетудің өзі сұмдық.

Бұл тіршілік иесі бауырымен жорғалаушылар санағына кіретіні белгілі. Оның үстіне бұлар өте кекшіл келеді. Сондықтан ордалы жыланды қазақ ешқашан өлтірмеген. Кенет үйге кіре қалса басына ақ құйып кейін қайтарып жібереді. «Далада жылан көрсе өлтіреді, үйде жылан көрсе жақсы көреді» деген ыңғайлы дәлелі осы болар.

Ақ тағам жақсы пияғылдың, ниеттің түзу екенін білдіретіндіктен жыланның алдына айран құйған. Сол уақытта жылан да оған көк сақтамай, зұлымдық ойдан арылып, жақсылыққа ешбір қарсы әрекет жасамайтын болған.

Ертеректе бір жас жігіт ордалы жыланды байқаусызда өлтіріп қойып, күтпеген шытырман оқиғаға кез болса керек. Артынша жыланды жапан далада өлтірген жігіт бұл ісін көзі қарақты әулие шалға айтып барған көрінеді. Әңгіменің мән-жайына қанық болған қарт, жігітке: «Бұл аймақтан көшіп кет, әйтпесе сол жыланның кесірі тиіп, жер басып көп жүрмейсің», – деп ақилын айтады. Ерігіп жүрген жыланның өлмегін ермек қылған жас бала сау басына осылай сақина тілесті. Сол бойда

ақсақалдың ақилын естіп абдырап қалып, оның айтқанын құп көрген бала бір күн аялдамастан ауылдан көше жөнеледі. Арада бірнеше жыл өтті. Өлгі жігіт дін аман, бастан бөлекет кетті деп түйеді. Осылайша түздің шаруасын реттеп, жолдастарымен шүйірлескен жігіт аяқ киімін кимек болып қамданғанда жанындағы жасы үлкен жолдасы оны тоқтатады. Аузынан таяқ алып етіктің ішінен ирелендеген қара жыланды суырып алып шыққаны сол-ақ екен етіктің иесіне атыла кетеді. Ал екінші етігін жыланға қарай тоса қалады. Етіктің қонышына у шашырап, шағып үлгерген жылан бірден өз жолын тауып, кейін шегініп жоқ болады. Сонда жолдасы «Ордалы жыланды өлтірген екенсің, оның ағаттық болыпты. Бірақ енді қорықпа. Мына жылан сенен кек алу үшін келді. Аузынан уы шықты, мақсаты орындалды. Саған енді қайтіп келмейді» деп кудесінен қаққан екен. Алайда жас жігіт сол мезетте бір нәрсені түсінбей дал болып тұрды. «Мен өлтірген жылан бұл ауылдан мың шақырымдай қашықтықта қалған еді ғой. Бұл мұнда қалай келді?» деген ойға шомды. Бірақ ойлана келе сурақтың жауабын тапты.

Төрт күн түнеп бұл өңірге бұрынғы ауылынан қойшылар келген еді. Сол көп қойдың мүйізін оралып, өзіне бұйырғылған бұйрықты орындауға келген жанкешті екен.

Енді оның қандай кекшіл екенін байқаған боларсыз. Арада көп уақыт өтсе де, бір адамның ізінен қалмай, ақырында тауып алатын олардың ордасына жоламаған абзал. Мейлінше жолай кезіккен жыланның да құйрығын баспай, оған зиян тигізбегеніміз жөн. Сонау бала күнімде әкемнің сол бір сұр жыланды қорғаны ордалы жыландардың қандай екенін білуге итермеледі.

А.БАҚЫТҰЛЫ



Сурет ашық дереккөзден алынды

Мақсат БЕРІКҰЛЫ:

КӨРЕРМЕННІҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАНДА ҒАНА МАҚСАТЫМЫЗ ОРЫНДАЛАДЫ



Басы 1-бетте

– Театр әлемінде жүргеніңізге қанша жыл болды? Бала кездегі арманыңыз актер болу ма еді? Өнер жолын таңдауыңызға не себеп?

– Театрда жүргеніме 7 жыл болды. Шыны керек, актер болу бала күнгі арманым емес. Балалық шақта мүлдем басқа салаларды қиялдадым. Кәсіби футболшы болуды мақсат еткен кездерім де есімде. 9-10 сыныптарда өнерге деген жақындығым байқала бастады. Бойымда жүргізушілік қабілет оянып, түрлі мектепшілік концертті тізгіндедім. Кейін мектебімізде театр үйірмесі ашылды. Сол жердің сахнасында алғашқы ролімді сомдадым. Осы сәт менің болашақ мамандығымға үлкен бетбұрыс жасады. Отбасы тарапынан кескілескен қарсылық болған жоқ. Тек «Бұл саланың қиындығы көп, шынымен саған керек пе?» деген секілді алаңдаушылық білдірді. Олар менің таңдауымды құптап, әрдайым қолдау көрсетіп келеді.

– Сахнаға алғаш шыққан кезіңіз есіңізде ме? Ол жерде қандай әсер алдыңыз?

– Иә әрине, ол сәт ешқашан ұмытылмайды. 2019 жылы алғаш рет кәсіби сахнаға шықтым. Сұлтанәлі Балғабаевтың «Қызылорданың қыздары» комедиялық спектаклінде көпшіліктің қатарында болдым. Сол күні ерекше қобалжу мен толқын болды. Қаншама көрерменнің алдында өнер көрсету,

олардың назарын сезіну үлкен жауапкершілік екенін ұқтым.

– Театрда ойнаған сүйікті роліңіз қандай?

– Мен үшін әр ролдің орны бөлек, «мынау ең сүйіктісі» деп бөліп айту қиын. Дегенмен жаным жақын бірнеше образым бар. Мәселен «Еңлік-Кебек» драмасындағы Кебек ролі. Бұл образда жас Кебектен ержүрек, батыр Кебекке дейінгі қалыптасу кезеңі, оның ақылдылығы мен махаббатқа деген адалдығы мені қатты баурады. Сондай-ақ, «Бикештер» қойылымындағы Лео Кларк ролін ерекше атап едім. Ол жерде кейіпкердің әртис болып сахнаға шығуы, ақша табуы, әйел бейнесіне сәнуі – Кларкты басқалардан ерекшелейді. Сондай-ақ, балаларға арналған «Аладдин» ертегісіндегі Джин бейнесі де сүйікті рөлдерімнің қатарында.

– Театр және кино актерлерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Театрда екінші дубль жасауға мүмкіндік жоқ. Сөзден жанылысу немесе ұмытып қалған жағдайлар болды ма?

– Тым жиі деп айта алмаймын, бірақ болып тұрады. Егер сөзді ұмытып қалсам, мағынасын бұзбай, өз сөзіммен толықтырып, жағдайдан шығып кетуге тырысамын. Бастысы – табан астында сөз тауып, көрерменге жағдаятты білдірмеу. Ұстаздарыма деген алғысым шексіз. Себебі олардың берген тәлімінің арқасында импровизацияны жақсы меңгердім.

– Сіз үлгі тұтатын актерлер бар ма?

– Әрине, өнер жолында бағыт-бағдар

беретін тұлғалар бар. Кино саласында да, театр саласында да шеберлігіне тәнті болатын ағаларымыз бен әпкелеріміз жетерлік. Өзім театр актері болғандықтан, Алматы, Астана және туған жерім Қызылорда театрының майталман әртістерінің ойынын қарап, олардан үлгі алуға тырысамын.

– Қаламыздағы театр мәдениетіне көзқарасыңыз қандай? Көрермен тарапынан қолдау бар ма?

– Қазіргі таңда театр мәдениеті жақсы дамып келеді. Осыдан біраз жыл бұрын көрермен аздығы сезілетін. Ал қазір театрға келетіндердің қатары көбейді, тіпті тұрақты көрермендер қатары пайда болды. Біз бұл бағытта әлі де жұмыс істеп жатырмыз. Театр – рухани демалыс орны деп айтамыз, сол себепті жарнама мен ақпараттық жұмыстарды күшейтіп, жастарды тартуға көңіл бөліп келеміз.

– Жұмыс барысында болған бір қызық оқиғамен бөліссеніз...

– Қызық оқиғалар өте көп. Олардың бірі – Кен Людвигтің «Бикештер» қойылымын қойған кезде болды. Мен байқаусызда сахналардың реттілігін шатастырып, әріптестерімді сарбалаңға түсірдім. Олар болса келеңсіз оқиғаның ортасына түсті. Жалпы жұмыс барысында қызықтар өте көп болды. Бірақ есімде ерекше сақталып қалғаны осы. Себебі оның себепкері – мен. Бірақ сондай қиын сәтте бір-бірімізге демеу болып, қойылымды аяқтап шықтық. Мұндай оқиғалар актерлік



құрамды біріктіре түседі.

– Сахнаның өз мәдениеті мен ережесі болатыны заңдылық. Бұл күнделікті өміріңізге қалай әсер етеді?

– Актер болған соң кейіпкеріңнің мінезі мен болмысын бойыңа сіңіріп алатын кез болады. Кейде тіпті күнделікті өмірде де сол кейіпкердің сөздерін айтып жүргеніңді байқамай қаласың. Рөлге қатты берілгенде, кейіпкердің тағдырымен «ауыратын» сәттер де болады. Көрерменнің біздің образымызға сенгені – біз үшін ең үлкен мақтанш. Мәселен «Қыз Жібек» фильмінде Бекежанды ойнаған Асанәлі Әшімов ағамызды халық кейіпкері үшін жек көріп кеткен ғой. Сондай жағдайлар өз басымнан да өтті. Көрермендер «Сен шынайы өмірде де сондай ма едің?» деп сұрап жатады. Бұл кезде менде мақтанш сезімі басым. Демек, рөлімді шынайы жеткізе алдым деген сөз. Көрерменнің жүрегіне жол тапқанда ғана мақсатымыз орындалады.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан
Мерей ШӘКРАТ



Сонымен қатар кино саласында тіл мамандарының, әдеби редакторлардың жетіспеуі анық байқалады. Әрбір сценарий кәсіби сүзгіден өтпегендіктен, экранға шикі диалогтар жол тартады. Себебі бүгінде сценарист ретінде танылып жүргендердің көбі әзілқеш пен шоумен. Кино өндірісінде тілге жауапты арнайы мамандар жұмыс істеуі тиіс. Осылайша сапалы өнімнің санын арттырамыз. Қалай техникалық топсыз кино түсіру мүмкін болмаса, тілдік редакциясыз да толыққанды туынды жасау қиын болады.

Дегенмен мәселенің тек тілмен шектелмейтіні анық. Қазақ киносындағы бүгінгі ең үлкен дағдарыс мазмұн мен форма арасындағы үйлесімнің жоғалуына қатысты. Көрерменге ұсынылатын идея қобіне үстірт, кейіпкерлердің ішкі әлемі



кинокартинаны арттырсақ, бұл бағытта биіктен көрінімімізге күмән жоқ.

– Қанша уақыттан бері тіл мәселесін қайта-қайта қаулап, киномыз қазақтілді болуы керек деп аң ұрып жүргенімізбен, оған байланысты мәселелерден әлі күнге дейін толық арыла алмай жүргеніміз рас. Ең алғашқы мәселе – тілдің бұрмалануы. Иә, кей қазақ режиссері түсірген, актерлік құрам

Міне, біздің де айтып отырғанымыз осы. Бұдан бөлек, кино шынының әлсіздігі де индустрияның дамуын тежеп отыр. Жоғарыдағы журналистің шынайы пікірі секілді кәсіби сын болмаса, сапа өспейді. Қазір көп жағдайда фильмдерге не шамадан тыс мақтау, не орынсыз дақтау басым. Ал нақты талдау, кемшілікті көрсетіп, бағыт-бағдар беретін сын аз. Кино саласында

ҚАЗАҚ КИНОСЫ:



Басы 1-бетте

Ал айтыңызшы, қай елдің екітілді туындысын көрдіңіз? Көзі ашық, көкірегі ояу жүрт бұл сұрақтың жауабын біледі. Бар болған күннің өзінде олар зиялы және тілі шұбарға айналмаған сапалы өнімді тамашалап жүр. Басты мәселе тек екітілділікте ғана емес, сондай-ақ сауатты әрі сапалы контент ұсынуға, еліміздегі қазақ тілінің мәртебесін көтеру және жасанды-жаттанды репликалардан құтылу болып отыр. Сондай-ақ кейбір режиссерлердің өмірдегідей болсын деп, балағат сөздерді шектен тыс қолдануы отқа май құяды. Тіпті балағат сөздердің өзі қазақша емес екені күлкіні келтіреді.

Кино – тілдің насихатшысы. Ол тек барды көрсету емес, болуға тиіс деңгейді де ұсынуы керек. Бір кездері көрерменнің жүрегің жаулаған туындыларда тілдің шұрайы, сөздің салмағы ерекше еді. «Қыз Жібек», «Менің атым – Қожа», «Тақиялы періште», «Жаужүрек мың бала» кинотуындыларындағы әрбір сөз көзіқарақты көрерменнің жүрегіне жетіп, жастарға үлгі бола білетін онегені дарытты. Солай емес пе? Әр сөйлемнің астарында

мағына, әр сөздің бойында жылу жататын. Бүгінде есте қаларлық, салмақты әрі санаға дана ой құятын туындыны сирек кездестіреміз.

Таза қазақ тілінде сөйлейтін фильмдер неге сирек? Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, сценарий жазатын кәсіби мамандардың аздығы. Қазақ тілінде еркін, заманауи, табиғи диалог құра алатын сценаристер саусақпен санарлық. Екіншіден, нарықтық талаптар. Кейбір продюсерлер кең аудиторияны қамту үшін орыс тілін қосуға мәжбүрміз деп есептейді. Үшіншіден, режиссерлердің өздерінің тілдік талғамы мен ұстанымы. Төртіншіден, жаңашылдыққа ұмтылудан қорқамыз. Егер фильм тек қазақша шықса, кино танымал болмай қалады деген қорынышымыз үстемдік етеді.

Кино – тек көңіл көтеру емес, ол – тәрбие құралы. Әсіресе жастар үшін. Экраннан көргеніміз өмірде қайталауға бейім буын үшін киноның жауапкершілігі ауыр. Егер фильмде балағат сөз қалыпты норма ретінде көрсетілсе, ол бірте-бірте санаға сіңеді. Тіпті сіңіп те кеткен шығар...

Бүгінгі көрермен кино көргенде тек сюжет қуып қана отырмайды, ол экраннан өз өмірінің бір бөлшегін, өзіне таныс болмысты, табиғи диалогты, шынайы эмоцияны көргісі келеді. Алайда көп жағдайда заманауи қазақ фильмдерінде кейіпкерлердің қолданатын сөздері шынайылықтан ашпақ, не екі тілді араластырады, не «кітаптың тілімен» сөйлейді. Мұндайда көрерменнің қалай қабылдауы түсінікті. Мүлдем қолданбайтын әдеби сөздерді бүгінде сценарийге қосу әбестік, себебі жасандылық жұртқа жақпайды.

толық ашылмайды, ал оқиға желісі бірсарынды, тіпті кейде фильмнің қалай аяқталатынын біліп отырасың. Десе де 2026 жылы жарыққа шыққан «Ғашықпын саған» фильмі таптаурындарды бұзып, көрерменнің жүрегіне жетті. Қос ғашықтың махаббат хикаясы қалай жалғасын табары бөріне қызық болды. Үміт пен қимастықты тоғыстырған бұл көркем туынды жоғары бағаланды. Яғни халық осындай мәнді туындыларды қажет етеді. Бірақ бұл – ауыр еңбек. Ал біз жеңіл әзілге, шаблонды кейіпкерлерге, қайталанан беретін сюжетке үйреніп қалғанбыз.

Шаблонды кейіпкер демекші, нәліктен еліміздегі киноиндустрия саласының мамандары бай болса – міндетті түрде тәкаппар, кедей болса – шарасыз, қала жастары – жеңілтек, ауыл адамдары аңғал болады деп есептейді? Кино өнерін қарабайыр деңгейге түсіретін осы бір жаттанды сценарийді мнмыздан қашан алып тастаймыз? Экрандағы қойылым шынайылықты көрсете білсе екен, себебі қоғам сан алуан, ал адам болмысы күрделі. Кинотуынды сол күрделілікті аша алмаған жағдайда, ол өз миссиясынан айрылады. Кино – өнер.

Одан бөлек, қазақ киносы әлі де жанрлық әртүрлілікке зәру. Комедия мен мелодрамаға иек артқан индустрияда ғылыми-фантастика, детектив, сапалы триллер, тарихи реконструкция секілді бағыттар кенже қалуда. «Қайтадан» фильмі секілді жаңа леп әкелетін сапалы

түбегейлі қазақтардан тұратын, қазақ локациясында түсірілетін кей фильмде орыс тілі көп қолданылып жатады. Бұл жерде «неге фильм қазақша түсірілмейді?» деген жауыр патриотистік идеядан бұрын бірқелкілік пен кәсіпқойлықты негізге алу керек. Не де болса, не ары емес, не бері емес, екітілді жұпыны, аралас-құралас шала дүниеге қарағанда баршаға түсінікті тек қана бір тілде қамтылған кино көрген абзал болар еді. Голливудтағы практика да солай. Кино толық ағылшынша, тек халықаралық коммуникация, диалог кезінде ғана басқа тіл қолданылады. Оның өзінде дубляжбен, кем дегенде субтитр арқылы.

Одан кейінгі мәселе – қазақ киносындағы қазақтілді кейіпкер мен орыстілді кейіпкер таптаурыны. Көптеген қазақ фильмінде, сондай-ақ сериалында элита тобындағы, салмақты кейіпкерлер қобіне орысша сөйлеп жатады. Ал керісінше, төменгі сортағы, тек аудиторияны күлдіруге арналған сайқымзақ кейіпкерлерді орысшаға шорқақ, бірақ қазақшаға судай етіп көрсетеді. Көпшілік аса мән бермей, қалай бар, солай қабылдап, күлкіге қарқ болуы мүмкін. Алайда мұнда автор тарапынан қандай да бір дискриминация, тіл аясындағы таптаурынға жол беруін байқауға болады, – дейді журналист Айтпес Жайшылық.

ашық пікір алаңы қалыптасуы тиіс. Сонда ғана режиссер де, сценарист те, актер де өсуге ұмтылады.

Жалпы қазақтың киноиндустриясы ақсап тұрған жоқ. Талай туынды көрерменге жол тапты. Талай рекорд орнатты. Бір апта ішінде миллиардтап қасқа жинап, өз бюджетін, артқан сенімді ақтап шыққан кинокартиналар бар. Алайда атап өткен мәселе кез-келгенінде кездеседі. Қазақ киносының тұғыры биік. Сын айтпай мін түзелмейді демекші, бар мәселені көрсете білу – біздің міндет. Бұл бағыт дамысын десек, ең алдымен сапаға басымдық беру керек. Тіл тазалығы, мазмұн тереңдігі, техникалық шеберлік қатар дамығанда ғана ұлттық кино жаңа деңгейге көтерілмек.

Мінберде зиялы тұлға сөйлеп тұр. «Армысыздар» деді де, әрі қарай орыс тілінде сапырды. Жыныға 90% қазақ келген. Ұлт ұстазы Ахметтен, ұлт көшбасшысы Әліханнан ұялдым. Үш жүздің басын қосқан хан Абылайға қарар бет те жоқ. Бүгінгі киноның көрінісі – қысқаша осылай. Әр ісімізде ұлтжандылық болсыншы.

Нұршат НЫШАНОВА

ТЕХНОЛОГИЯ БИЛЕГЕН ЗАМАН



Әлем жаңа технологиялық дәуірдің табыл-дырығын аттады. Жасанды интеллект, цифрлық шешімдер мен инновация енді тек IT мамандарының ғана емес, тұтас мемлекеттің даму бағытын айқындайтын фактордың біріне айналды. Кім технологияны меңгерді – сол ертенгі экономиканың көшін бастайды.

Осы тұрғыда Қазақстан да цифрлық даму мен инновациялық экономиканы ілгерілетуге ерекше мән беріп келеді. Мысалы жуырда Шымкент қаласында өткен «Digital Qazaqstan 2026» халықаралық фору-

мы – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Билік өкілдері, халықаралық сарапшылар, IT-компаниялар мен стартаптар бас қосқан ауқымды алаңда Industry 5.0 дәуірінің жаңа мүмкіндіктері, жасанды интеллектті экономикаға енгізу және технологиялық экожүйені дамыту мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шараға 6000 адам қатысты. Көрме алаңында 40 IT-компания мен 36 стартап өз жобаларын ұсынды. Іскерлік бағдарламаға 150-ден астам спикер қатысып, 54 сессия өтті. Негізгі тақырыптар қатарында жасанды интеллектті дамыту, экономиканың түрлі саласын цифрландыру, индустриялық AI, стартап-экожүйе, кадр даярлау және жаңа технологиялық үрдістер қамтылды. Әрі 11 меморандум мен келісімге қол қойылды.

Жетекші ондықтың құрамындағы Қазақстан

Форум барысында Премьер-министр Олжас Бектенов цифрлық экономика мен жасанды интеллектті дамытудағы негізгі басымдықтарды айқындап, Қазақстан жаңа экономикалық модельге көшіп жатқанын атап өтті. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі баспасөз қызметінің ақпаратна сүйенсек,

Премьер-министр елде экожүйе қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтқан. Бұл институттарды дамыту, инфрақұрылым құру және адами капиталды күшейту арқылы жүзеге асып жатыр. Жасанды интеллектті дамытуға арналған заңнамалық база қабылданып, Президент жанындағы Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Аймақтағы ең ірі суперкомпьютерлік кластерлер «Alem.Cloud» және «AL Farabium» іске қосылып, олар әлемдік TOP-500 рейтингіне енген. Білім беру саласында да толыққанды жүйе қалыптасып келеді. Мысалы мектеп деңгейіндегі «TUMO» орталықтарынан бастап технологиялық кәсіпкерлерді даярлауға дейінгі тізбек қамтылған. Сонымен қатар Олжас Бектенов халықаралық компанияларды Қазақстанда зерттеу орталықтарын ашуға шақыратынын жеткізді.

БҰҰ электрондық үкіметті дамыту индексіне Қазақстан 193 елдің ішінде 24-ші орында тұр әрі еліміз онлайн қызметтер сапасы бойынша әлемдік көшбасшылардың жетекші ондығына кіреді. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллекттің әлемдік экономикаға қосатын үлесі \$22 триллионнан асуы мүмкін.

Мұнан бөлек «Біздің міндетіміз – кез келген ауылдық округтің тұрғыны медицинаға, білім беруге және мемлекеттік қызметтерге мегаполис тұрғыны сияқты зияткерлік қолжетімділікке ие болуы үшін бірыңғай цифрлық стандарттарды енгізу. Цифрлық жайлылық әрбір қазақстандықтың өмір сапасының базалық стандартына айналуы тиіс» деген пікір де айтылды. Бұл жөнінде цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, жасанды интеллектті енгізуге және өңірлерде тұрақты технологиялық экожүйелерді қалыптастыруға арналған «Қазақстанның цифрлық өңірлері» атты дөңгелек үстелде Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Мун айтты. Сондай-ақ өңірлердегі зияткерлік жүйелер – бұл жай ғана технология емес, ең алдымен тиімділік, сервистерге тең қолжетімділік және нақты экономикалық қайтарым екенін атап өтті.

Дәл осы дөңгелек үстелде сөз сөйлеген Мағжан Мәдиев өңірлік IT-хабарды қалыптастыру стратегиясын таныстырды. Ол Қазақстанның цифрлық трансформациясы жаңа кезеңге шыққанын, онда өңірлер таланттарды, инвестицияларды және технологиялық кәсіпкерлікті тарту орталықтарына айналатынын атап өтті.

Қызылордалық делегация ұсынған жобалардың бірі – PhishGuard AI форумдағы ең үздік инновациялық шешімдердің қатарына еніп, үлкен қызығушылық тудырды. IT форумның AI-Sana сессиясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институтының білім алушылары Нұрбол Оналбеков мен Нұрбек Әбілдаев PhishGuard жобасымен көрмеге қатысты. Көрме барысында жас IT-мамандар түрлі әлеуетті серіктестермен маңызды байланыс орнатып, жобаның алғашқы қолданушыларын тапты.

беделі, қорғалған байланыстың болуы, контент, мәлімет енгізу формалары мен орындалатын скрипттер жіті сарапталады. Қауіп деңгейін анықтау үшін қауіпсіздік ережелері мен LLM API арқылы мәтінді талдау комбинациясы қолданылады, сонымен қатар жүйе сайт мазмұнын белгілі қауіпті шаблондармен салыстырады. Тексеру қорытындысы бойынша сайтқа қауіп деңгейі беріледі. Егер ресурс күдікті болса, қолданушыға бірден ескерту шығып, бұл жағдай жүйе журналына тіркеледі. Жоба тәлімгері Алматы Қуанышбаевтың айтуынша, жас таланттардың бұл жобасы маңызды бар және қоғамға керек бастама.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КОМАНДАНЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ МА?

1 орын емес, десе де, нә, Сыр бойынан барған жас таланттар «Digital Qazaqstan 2026» аясында өткен «Digital Qazaqstan Battle» ұлттық стартап-батльның финалында бақ сынап, 2-орын иеленіп, 5 миллион теңгемге үйге қайтты.

Онда еліміздің әр өңірінен іріктелген 20 үздік жоба өз шешімдерін инвесторлар мен сарапшыларға таныстырды. Жұлде қоры 19 миллион теңгені құрады. Естеріңізде болса, Қызылордада өткен жартылай финал жергілікті жастар өз жобаларын ұсынып, технологиялық форумға жолдама алу үшін бәсекеге түскенін, барлығы 12 инновациялық стартап-жоба таныстырылғанын хабарлады. Нәтижесінде Cortex AI жолдама алды. Ал Шымкентте еңбек ақталды.

Енді финалдағы нәтижеге тоқталсақ, байқау қорытындысы бойынша Gro.now стартапы жеңімпаз атанды. Екінші орынды Cortex AI, үшінші орынды AR Sana иеленді. Көрермен көзайымы жұлдесі Qalam AI жобасына бұйырды. Финал өңірлік командалардың жоғары деңгейін және олардың ұлттық әрі халықаралық нарыққа шығуға дайын екенін көрсетті.

Сонымен қатар хакатон Decentrathon 5.0 жобасы аясында Қазақстанның 20 қаласынан 3000-нан астам әзірлеуші маман онлайн қосылды. Мұнан бөлек «Digital Qazaqstan Awards» сыйлығы табысталып, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар саласындағы үздік жобалар анықталды. Алақан – Best AI Government Services, Aspans – Best Industrial AI Project, Ikigai Promotion – Regional AI Transformation, Codo – AI for Social Impact, ал Protector AI – Best AI Startup номинациялары бойынша жеңімпаз атанды.



Барлық мәліметтің бір жерде шоғырлануы пайдаланушыларға зертханаларды нақты ғылыми бағыт, техникалық параметр немесе өңір бойынша іздеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ құрылымдалған өзекті ақпаратқа қол жеткізіп, ғылыми ұйымдармен



Ал жұлде қоры 3 миллион теңгені құрайтын «Central Asia Programming Championship 2026» жарысына 33 үздік бағдарламашы қатысып, бірінші орынды Тәжікстаннан келген Фарход Хакимйон иеленді. Екінші орынды қазақстандық Айбар Қуанышбай, ал үшінші орынды Альтаир Ашууров алды.

– Осындай жоғары деңгейдегі жарыста өз біліміңді көрсетіп, көрші елдердің үздік бағдарламашыларымен танысқаным қуаныштымын. Бұл чемпионат мені әрі қарай дамуға және алған біліміңді нақты жобаларда қолдануға шабыттандырды, – деді жеңімпаз Фарход Хакимйон.

– «Central Asia Programming Championship» қатысушылардың дайындық деңгейі өте жоғары екенін көрсетті. Бұл жарыс аймақтың үздік IT мамандары үшін тәжірибе алмасуға жақсы мүмкіндік болды, – деді Alem.ai Foundation директоры Адина Мағавина.

«Digital Qazaqstan 2026» форумы аясында Қазақстанда «Red Bull Basement» халықаралық AI стартап-инкубаторының ұлттық финалы өтті. Бұл жобаға студенттер мен жас кәсіпкерлер қатысып, жасанды интеллект көмегімен түрлі технологиялық шешімдер ұсынды.

– «Red Bull Basement» – жас инноваторларға өз идеяларын ұлттық деңгейде көрсетуге және оны халықаралық аренаға шығаруға қолдау алатын ерекше мүмкіндік. «Digital Qazaqstan» сияқты алаңдар талантты жастар мен технологиялық қоғамдастықты біріктіреді. Мұндай бағдарламалар жаңа инновациялық көшбасшылардың әлеуетін ашады және елдің цифрлық экономикасын дамытуға ықпал етеді, – деді Astana Hub басқарушы директоры Таңат Өскембаев.

– Ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесін» дамыту – ғылым мен бизнестің тікелей байланысы алатын ашық әрі тиімді технологиялық ортаны құрудағы маңызды қадам. E-lab модулінің интеграциясы инноваторлар мен кәсіпорындарға

ФИШИНГТІК САЙТТАРДЫ АНЫҚТАЙТЫН ЖҮЙЕ



Жобалар жайында

Форум мен байқауларда көзге түскен жобаларға бір қарап шықсақ, олардың қатарында ірі компанияларға, соның ішінде банк, финтех және телеком салаларына арналған, клиенттермен байланыс үдерістерін автоматтандыратын және дауыстық AI-агенттерді жасауға мүмкіндік беретін Cybernet AI қауіпсіз платформасы бар. Бұл шешімдер кіріс және шығыс қонырауларды өңдеп, клиентпен толыққанды диалог жүргізуге және бір ғана байланыс аясында сату, қолдау көрсету немесе берешекті өндіріп алу сияқты міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік береді. Платформаның негізінде түркі тілдеріне және нақты коммуникациялық жағдайларға бейімделген сөйлеуді тану технологиясы жатыр. Қазіргі таңда Cybernet AI әртүрлі елдердегі 80-нен астам компаниямен жұмыс істейді, ал стартаптың 2025 жылғы табысы 5 миллион АҚШ долларынан асты. AgrioPro – фермерлерге арналған су үнемдейтін ақылды суару технологиясын ұсынады. Ал EduTest білім сапасын арттыру үшін психометрия мен деректер талдауына негізделген заманауи бағалау құралдарын енгізуде.

PhishGuard AI – фишингтік сайттарды, жалған веб-парақшаларды және басқа да қауіпті интернет-ресурстарды анықтауға арналған жасанды интеллект элементтері бар киберқауіпсіздік жүйесі. Жоба қарапайым қолданушылардың, мемлекеттік ұйымдар мен корпоративтік ақпараттық жүйелердің интернеттегі қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Яғни сайтты ашқан сәтте-ақ жүйе автоматты түрде тексеріп, қауіп деңгейін анықтайды, URL-мекенжай құрылымы, домен



АҚПАРАТ

Енді ғылыми зертхана немесе қажетті жабдықты іздеу бұрынғыдан әлдеқайда оңай болмақ. Бұл мүмкіндік «Astana hub» платформасы базасында іске қосылған Ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесі» арқылы жүзеге асады.

Экожүйені дамыту аясында еліміздегі зерттеу ұйымдарының технологиялық әлеуеті алғаш рет жүйелі түрде цифрландырылып, E-lab модулі іске қосылды. Бұл – зертханалар мен ғылыми жабдықтардың бірегей дерекқоры.

Жаңа база ғылыми зерттеу жүргізуге қажетті зертханалар мен құрал-жабдықтарды тез табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қолданыстағы ғылыми инфрақұрылымды тиімді пайдалануға жол ашып, ғылым мен бизнес арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

ҒЫЛЫМИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ІЗДЕУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

тікелей байланыс орнатуға болады. Бұл ғылыми әзірлемелердің экономиканың нақты секторына жылдам енгізілуіне ықпал етеді.

Ал ғылыми ұйымдар үшін жаңа жүйе өз инфрақұрылымын кең аудиторияға таныстыруға, жаңа серіктестер мен тапсырыс берушілер табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зертханалардың жүктөмесін арттырып, олардың тиімділігін көтереді.

Премьер-Министрдің орынбасары, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, Ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесін» дамыту – ғылым мен бизнестің өзара байланысын күшейтетін маңызды қадам.

зерттеу зертханалары мен заманауи жабдықтарға ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, еліміздің ғылыми әлеуетін алғаш рет жүйелі түрде цифрландыруға мүмкіндік береді. Біз әрбір ғылыми ресурс экономиканың игілігіне жұмыс істеуіне, ал цифрлық құралдар мен ЖИ технологиялары идеядан нақты өндіріске дейінгі жолды жеделдетуге көмектесуіне ұмытыламыз, – деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Бетті дайындаған Ә.Жанәбілқызы


«ТАҒДЫР» РОМАНЫН ОҚЫРМАНДАР ОЙ ТАРАЗЫСЫНА САЛДЫ

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде қазақ прозасының көрнекті өкілі Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» тарихи романына арналған оқырмандар конференциясының өтті. Бұл шығарманың 2026 жылы «Бір ел – бір кітап» шеңберінде көпшілікке оқуға ұсынылуы оның көркемдік және тарихи маңызын айқындай түседі.

Аталған іс-шараның негізгі мазмұны жазушының шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыда саралау, романның идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ашу және студенттердің әдеби талдау дағдыларын дамытуға бағытталды. Конференция барысында қатысушылар тарихи роман жанрының ерекшеліктеріне тоқталып, туындыдағы ұлттық болмыс пен тарихи шындықтың көркем бейнеленуін зерделеді.

Студенттер «Тағдыр» романының мазмұнын жүйелі түрде талдап, шығармада суреттелген қазақ халқының тағдырлы кезеңдеріне қатысты өз ойларын ортаға салды. Әсіресе, елдің бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күрес, тарихи көші-қон мәселесі, туған жерден алыстаған халықтың сағыныш сезімі сияқты тақырыптар кенінен талқыланды. Сонымен қатар кейіпкерлер бейнесі сараланып, олардың іс-әрекеттері арқылы автордың негізгі идеясы ашылды.

Шараның маңызды тұстарының бірі – студенттердің жоғары белсенділігі мен қызығушылығы. Олар пікірталасқа белсене қатысып, өз көзқарастарын дәлелді



түрде жеткізе білді. Бұл өз кезегінде конференцияның ғылыми-танымдық деңгейін көтеріп, қатысушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті. Сонымен бірге арнайы кітап бұрышы таныстырылып, студенттер ықыласпен танысты.

Өткізілген оқырмандар конференциясы жас ұрпақтың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, тарихи шығармаларды терең түсінуге жол ашты. Мұндай ғылыми сипаттағы іс-шаралар студенттердің рухани дамуына және әдеби білімін жетілдіруге оң әсерін тигізеді.

Бақытжан АХУНОВ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Конференция барысында біз, студенттер, роман мазмұнына терең үніліп, өз ойымызды ашық жеткізе білуге тырыстық. «Тағдыр» шығармасы бізге тек көркем туынды ретінде ғана емес, халқымыздың өткен тарихынан сыр шертетін құнды мұра ретінде әсер етті. Романды талдау кезінде қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдер, ел болып сақталып қалу жолындағы күресі, туған жерге деген сағыныш сезімі ерекше толғандырды.

ЕРЕКШЕ ӘСЕР ҚАЛДЫРДЫ

Маған әсіресе шығармадағы кейіпкерлердің тағдыры қатты әсер етті. Әрбір образ арқылы автор сол дәуірдің шындығын дәл жеткізе білген. Біз кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдай отырып, олардың бойындағы қайсарлық пен елге деген сүйіспеншілікті анық байқадық.

Шара барысында студенттердің белсенділігі ерекше байқалды. Әркім өз пікірін айтып, талқылауға белсене қатысты. Бұл бізге тек тыңдаушы емес, ой бөлісуші, талдаушы ретінде қалыптасуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кітап көрмесі ұсынылып, жазушының еңбектерімен жақынырақ таныстық. Кітап бұрышында қойылған шығармаларға қызығушылық танытып, оларды құштарлықпен қарадық.

Осындай мазмұнды іс-шаралар бізге үлкен әсер қалдырады. «Тағдыр» романы арқылы біз тарихты тереңірек түсініп қана қоймай, әдебиетке деген қызығушылығымызды арттырдық. Болашақта осындай кездесулер мен конференциялар жиі ұйымдастырылып тұрса, студенттердің рухани дамуына үлкен үлес қосары сөзсіз.

Арайлым ЖАЛҒАС,

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті



Газеттің өткен сандарының бірінде «Бала ата-анаға қарыз ба?» деген мақала жарық көрді.

Оқырманға ой салғаны анық. Мен де осы мақаладан кейін бұл тақырыпта ойланып, қолыма қалам алуды жөн көрдім. Өйткені, мен де ата-анасына қарыз перзенттің бірімін.

ХАТ ЖАЗДЫМ ҚАЛАМ АЛЫП...

Таяуда ата-анам отбасылық дастарқан басында маған «Болашақта кім болғың келеді?» деп сұрақ қойды. Бір деммен жауап беретін сауал емес екені анық. Өйткені, менің алдымда әпкем мектеп бітірерде өзінің қалаған мамандығына тапсырған еді. Төрт жыл университет қабырғасында табан тоздырып жүріп, алған дипломы түкке аспай қалды. Қайда барса да, жұмыс жоқ. Ол қарап жүрмей, өзі асханада еңбек ете жүріп, екінші жоғары білім алды да, сол бойынша жұмыс істеп жүр. Енді мен ойланамын, оң-солын танымаған балада не тәжірибе болсын?! Еңбек нарығын зерттеп, көзбен көріп, колмен ұстаған үлкендердің ақылы бізге сеп болатыны анық.

Қазақтың туыскандықты алға тартатын дағдысы бағзы заманнан бар. Бірақ оны өз жөнімен қолданса, жақсы. Баласының кім болуы керекін алысқа көз тастап ойланатын жанның бірі – әкем. Таяуда ол осы бағытта шешіліп әңгіме айтты.

– Балам, – деді ол бір жөткірініп алып. – Болашақта әпкең тәртізді қиналып, өзің маңдай теріңмен білім алып, қиындықтың астында қалғың келмейтін шығар... Біз бір мәрте оқытамыз, кейін айнып қалып жатсаң, оған шама жоқ. Ізіңнен еріп келе жатқан іні-қарындастарың да сенен кейін дайын тұрады. Қорадағы күрең байталды сатамын, сөйтіп, оқуға түсіремін, ары қарай сәтін салып, жұмысқа да тұрғызамын.

Әкемің сөзі – оқ. Көкемің қайынағасы сотта беделді жұмыс істейді. Егер заңгерлікті таңдасам, жұмысқа тұруыма сол кісінің алдына бұйымтайлап барайын дегенім де ішім сезеді. Сол тәртізді әжем жағынан туыскандарымды прокуратурада, ішкі істер басқармасында да бар. Түптеп келгенде құқық қорғау органдарында еңбек етуіме болады. Ал мен оқу бітіре сала әскерге кетуге дайындалып жатырмын. Неліктен?


Өйткені, әскерде өткен уақытым текке кетпейді. Ол жақта әбден ысыламын, өмір мектебінен өтемін. Елге келген соң жоғары білім алмастан әскерден өтіп келгеніме байланысты қызметке орналасамын. Тым құрыса, әскерде қайда болсам, сол жаққа келісімшартпен қаламын десем ешкім менің қолымнан қақпайтыны анық.

Жоғарыда айтып өткен туыскандардың септігі тиер-тисем. Бірақ мен болашағымның іргетасын өз қолыммен қалағым келеді. Бұл ата-ана сөзіне түбегейлі қарсы шығу емес, оларға тиімді нұсқа ұсыну. Біздің үйде баланың да пікірі маңызды. «Сен мына салаға барасың» деп мойынға қиып салу дағдысы кезікпейді. Араға біраз уақыт салып, дастарқан басында бұл әңгімені өзім бастадым.

– Мен кім болатынымды айқындадым.
Газет оқып отырған әкем көзділігінің үстімен маған көз тастады да иегімен жалғастыр дегендей нұсқады. Әкемің пәрменінсіз ләм-мим демейтін шешем де бір ауыз жауап бергісі келген. Тыйып тастады. Біздің үйде патриархаттың әлі де күші бар.

– Мен әскерге барамын.
– Неге олай шештің? Оқымайсың ба сонда?
– Әскерге барып келген адамның алдында мүмкіндік көп. Оның үстіне өзім де спортқа бір табан жақынмын. Жазу-сызуға қабілетім бар екені рас,

Жантөре ТҮРСЫНХАН,
Қызылорда қаласы



Сурет ЖИ арқылы жасалды

қай мамандыққа барсам да, қолымнан қаламымды ешкім тартып алған жоқ. Сондықтан, әскери өмір маған үлкен мүмкіндіктер сыйлайтынына сенемін. Сол жақта келісімшартпен қалсам да болады. Қарашанырақтың тізгіні Ерқошқа тимей ме?! Мені бәрібір бөлек шығарасыңдар. Ал оқу керек болса, әскерден соң еңбек етіп жүріп те оқып аламын. Қазірше мен біріншіден, сіздерді шығынға бағырғым келмейді. Екіншіден, өзім де әскери салаға барғым келетін. Үшіншіден, жұмыс іздеп, басымды тауға да, тасқа да ұрғым келмейді. Сіздер қалай ойлайсыздар? – деп, бір-ақ тоқтадым.

Зайырлы қоғам, зайырлы мемлекет деген ұғым ойға оралса, ең әуелі менің отбасым еске түседі. Неге? Біздің үйде баланы кішкентайынан ойын именбей еркін айтуға баулиды. Соның ықпалы болар, көп жағдайда біздің көп мәселеге көзқарасымыз қалыптасқан. Әкем мұндайда «менің тәрбием» деп арқамнан қағады. Ал анам «нағашыларына тартқан» деп маңдайымнан сүйеді. Әлгіндегі ойымды бөліп-жармай, ұйып тыңдағаны да біздің сөзімізге құлақ асатынынан гоі.

– Балам, ойың дұрыс. Мен сенің дене жаттығуыңның да жақсы екенін білемін. Сол себепті, мен саған сенемін. Әскерде өз басыңды алып жүре алсаң, жақсы жетістікке жететіңіңе де сенемін. Білектің күші ғана емес, жүректің түктілігі де маңызды, – деді әкем.

Анам менің білім деңгейімді біледі. Содан соң жақ ашпады. Ол – қолдағаны. Әйтпесе, анау айтқандай, білімдер емеспін. Мен тегін оқу грантын ұтып ала алмайтын тәртізімін. Жылына жарты миллионды университетке төлеп, ақылы оқуға ынта да, мұрша да жоқ.

Сондықтан, әңгіменің ау бастағы тақырыбына оралайық. Ата-ана ешқашан баласына жамандық ойламайды. Өйткені, бала – оның ізі. Сондықтан ізі жарқын болуы үшін баланың мықты болуына күш салады. Баланың өзінен де асып түскенін қалайды. Ал ондай ата-ананың сен туралы жоспарына неге қайшы келуің керек?! Ата-ана сен үшін шешім қабылдап жатса, оған қуануың керек. Өйткені, сенің шамаң келмейтін жерде олар міндетті түрде қолтығыңнан демейді. Ал жұрттың, жұрт болғанда әлгі психологтар мен коучтардың дәрістеріне «тойып алып», ата-ананың сөзіне қарсы шығып, «мен саған қарыз өтемін» деп – ата-анасымен бір дастарқан басында отырмайтын кей жастардың тірлігіне парпар гоі.

Ертеңгі күні мен қай мамандықты таңдасам да, болашақта жұмыс таба алатын, еңбек нарығында сұранысқа ие саланы таңдаймын. Бұл – ата-анамның ақылы. Түптеп келгенде, ата-ананың айтқанын істеу – қарызың ғана емес, парызың да.

ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ БІЛІМНІҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет пен қоғамның дамуында, әрине, білім басты рөл атқарады. Адам мемлекеттің басты тірегі болса, заман талабына орай өзін-өзі дамытып, ізденіп, жаңа дүниеге ұмтылып отыруы қажет. Ондай қадамдарға тек білім арқылы бара алады. Сонда ғана білімін дамыту арқылы жетістіктерге қол жеткізеді. Бұған XXI ғасырдағы жаңа технологиялардың пайда болуы, адамзат өмірінде орын алып жатқан жаңалықтар дәлел болады. Адам баласының саналы ой-өрісі, өмірден алынған тәжірибесі еңбектің жемісін бөрірі хак. Ғылым мен технология қарыштап дамып келеді.

Ертеде ата-бабамыз «Ұшатын кілем» секілді түрлі ертегілер арқылы қиялға берілетін болса, өздері армандаған, қиялынан туындаған нәрселердің бұл күндері іс жүзінде асқанын көруге болады. Яғни, өмір сапасын жақсартуға білім басты негізде. Ал алдымыздағы мыңдаған шәкіртіміз білімнің арқасында жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптасуда. Олар – еліміздің болашағы. Мемлекетіміз әлемдік өркениеттің көшіне ілесу үшін шәкірттерімізді



білімді етіп даярлауымыз қажет.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім қажет», – дейді қазақ халқының біртуар тұлғасы Шоқан Уәлиханов.

Қоғам талабына орай, білімнің сапасын күшейту бәсекеге қабілетті тұлға даярлауға ықпал етеді. Ол үшін білім беру жүйесіне жаңашыл іс-әрекеттерді енгізе отырып, көздеген мақсатқа қол жеткіземіз. Сонда еңбегіміз өз жемісін береді.

Оқыса білім бұлағы,
Оқыса елдің ұланы, –
Тіріліп, елге жан бітіп,
Елі үшін жұмақ қылады, –
деп жырлаған ақын Бейімбет Майлиннің өлең жолдарында айтылған ой бұл күнде де өзектілігін жойған жоқ. Қазір білектің емес, білімнің озық тұратын заманында

басты қуатты құрал екенін білеміз.


Мемлекет өскелең ұрпаққа қажетті барлық жағдайды жасап келеді. Сол себепті ұстаздың шәкірттерімен бірлескен іс-әрекеттері нәтиже шығаруы тиіс.

Қорыта айтқанда, балаға сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, оның құндылығын халыққа ұғындыра білу – мұғалімнің кәсіби міндеті.

Мен педагог ретінде өз мамандығымның жемісін көріп келемін. Көп ізденіп, жауапкершілікті сезінгенім арқасында өзім тәрбиелеген шәкірттерім түрлі байқау мен додаларда жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Бірақ алда әлі біз алатын асулар бар.

Айгерім ҚОЙШЫБАЕВА,
Абай атындағы №138 орта мектебінің мұғалімі

Михаил Шайдоров – Қазақстанның жас әрі болашағынан үлкен үміт күттіретін мәнерлеп сырғанаушы спортшыларының бірі. Ол ерекше сырғанау техникасымен, шеберлігімен көзге түсіп келеді.



Суреташы:Еркексеркеу/Салпынды

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ЖҰЛДЫЗ

Михаил Шайдоров – 2004 жылы 25 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген. Жастайынан спортқа қызығушылық танытып, мәнерлеп сырғанаумен айналыса бастады. Бұл спорт түрі үлкен еңбек пен төзімділікті талап етеді. Сондықтан ол бала кезінен еңбектеніп, алға ұмтылды.

Өз мақсатынан бас тартпаған Михаил Шайдоров биыл қысқы Олимпиадада мәнерлеп сырғанауға қатысып, 32 жылдан кейін Миланда еліміздің әнұранын шырақтаты. Сонымен қатар Қазақстанның спорт жұл-

дызы атанып, есімі тарихта қалды. Осындай мақтан тұтатын азаматтар көбейсе, Қазақстаннымыздың көркейетіні сөзсіз!

Қорытындылай келе, Михаил Шайдоров тек чемпион ғана емес, жастарға, болашақ ұрпаққа шабыт беретін, үлгі тұтатын тұлға. Оның өз-өзіне деген сенімділігі кез келген арманды орындауға мүмкіндік бар екенін дәлелдейді.

Қасар АБДРАСУЛ,
№276 орта мектебінің оқушысы,
Қазалы ауданы


✓	Дұрыс
	Кез келген
	Аппак
	Айтуым керек
	Жазуың керек
	Баршаныңызға, бәріңізге, барлығыңызға

✗	Қате
	Кез-келген
	Әппак
	Айту керекпін
	Жазу керексің
	Барлықтарыңызға

• Дұрыс жазайлық

АҚЫЛДЫ БОЛУ АДАМДЫ БАҚЫТТЫ ЕТЕ МЕ?

Бұл сұрақ ғасырлар бойы философтар мен ғалымдарды толғандырып келеді. Бала күнімізден білім алуға, ақылды болуға талпынамыз, себебі бұл жетістік пен бақыттың кілті деп есептейміз. Алайда америкалық жазушы Дэниел Киз өзінің әлемге әйгілі «Алжернонға арналған гүл» романында бұл ұғымға мүлдем басқа қырын қарайды. Кітаптың жанры ғылыми фантастика деп айтылғанымен, ол шын мәнінде адам жанындағы ең нәзік мәселені қозғайды.



Шығарманың басты кейіпкері – 32 жастағы Чарли Гордон. Оның интеллектуалдық деңгейі небәрі 68-ді құрайды. Бірақ Чарлидің бойында көп адамда кездесе бермейтін ерекше қасиет бар. Ол өте еңбеккер, ақкөңіл және «ақылды болуды» армандайды. Ол бәрін білсе, айналасындағы адамдар Чарлиді жақсы көріп, онымен дос болатынына көміл сенді. Алайда бұл сенім оқырманның жүрегіне жара салатыны бірден байқалмады.

Көп ұзамай Чарлидің өмірінде үлкен мүмкіндік пайда болады. Ғалымдар оның мына интеллектуалдық жасанды түрде арттыратын ота жасауды ұсынады. Бұған дейін мұндай тәжірибе Эдджернон есімді тышқанға жасалды. Чарли бұл тәуекелге куана келіседі. Осы сәттен бастап екі тағдыр бір арнада тоғысады.

Оқиға Чарлидің күнделік түрінде жазған әңгімесі арқылы оқырманды тартады. Біз осы жерде автордың шеберлігіне куә боламыз. Алғашқы беттерде біз сауатсыз, тыныс белгілері жоқ, баланың тілімен жазылған жазбаларды көрсек, кейін біртіндеп сөйлемдердің күрделеніп, ойдың кемелденуін байқаймыз. Ол өзін жарыққа шыққандай сезінеді, бірақ бұл жарық оған бақыт сыйлады ма?


Ақыл-ойдың шарықтау шегіне жеткенде Чарлиді үлкен қасірет күтіп тұрды. Ол ақылды болған сайын, айналасындағы әлемнің сұрықсыздығын көре бастайды. Ол бұрын «дос» деп санаған наубайханадағы әріптестерінің шын мәнінде мазак етіп, кемсіткенін түсінеді. Ол өзіне ота жасаған ғалымдардың оған адам ретінде емес, жай ғана «лабораториялық нысан» ретінде қарағанына көзі жетеді. Білім оған әлемнің шындығын ашты, бірақ өмір қызығынан айырды. Оның интеллектуалдық жоғарылағаны сонша, ол тіпті ең ақылды деген адамдармен тіл табыса алмай қалады. Оқиға әрі қарай мүлдем басқа орайға ауысады. Себебі Алжернонның өмірі аяқ асты үзіліп кетеді. Ал кейін не болғанын білгіңіз келсе, кітапты оқуға кеңес береміз.

Бұл шығарма туралы Ақгүлім Ерболқызы «Жас Алаш» газетінде «Бәлкім, ақыл-ой адам үшін сәттілік пен билікке қол жеткізуде таптырмас қару шығар. Алайда кейде сол адам ақыл-ойының өмірдің күнгей тұсына назар аударту арқылы адамды қоғамдық өмірдің сүреңінен жергітіп, азап шектіретіні де әбден рас жайт. Бұл жайтты Абай «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» деп түйіндеген-ді» деп жазған еді.

Ал Халияна Анастасия кітапқа жазған рецензиясында «бұл оқиға маған басқа адамдарға тәзімді болуды үйретті. Кейінгі кездері барлығы толеранттылық туралы айтады, бірақ оның не екенін түсінетіндер аз. Өкінішке қарай, көптің аузынан шыққан сөздер жай ғана сөз болып қала береді... Бірақ Дэниел Киз оқырманды күрделі тұлғаны күрделі әлеміне апарып, мұның шын мәнінде не екенін көрсетеді» деп жазған еді.

Кітаптың берері мол. Бірақ түйін оқырманның өзіне байланысты. Бірі шығарманы өмір мәні туралы толғатады десе, енді бірі адамгершілік пен құндылықты дәріптейді деген ұстанымды алға шығарады. Ал сіз қалай ойлайсыз?

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ



ДОДАДА ТОП ЖАРҒАН ҰЛАНДЫҚ

Семсерлесу спорты бойынша Астанада Әлем кубогі өтті. Дүбірлі додада Ұлттық ұланның әскери қызметшісі, ефрейтор Руслан Құрбанов қанжығасына күміс жүзде байлады.

Халықаралық деңгейдегі бәсекеде қазақстандық семсерші жарыстың ширек финалында екі дүркін Олимпиада чемпионы, жапондық Кано Кокидi бір ұпай айырмасымен, яғни 9:8 есебімен жеңді. Ал жартылай финалда

венгриялық Дэвид Нагимен кездесіп, тартысты бәсекеде 15:13 есебімен басым түсті. Осылайша Руслан Құрбанов турнирдің финалына жолдама алып, әлемдік доданың шешуші кезеңіне шықты.

Финалдық жекпе-жек те ерекше шиеленісте өтті. Ұландық спортшы Украина семсершісі Роман Свичкармен күш сынасты. Қарсыластар бір-біріне дес бермей, соңына дейін тартысты ойын көрсетті. Дегенмен шешуші сәтте қарсылас 15:12 есебімен басымдық танытты.

Осылайша ефрейтор Руслан Құрбанов Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Ерлер мен әйелдер сапы бойынша ұйымдастырылған додаға әлемнің 46 елінен шамамен 500 спортшы қатысты. 222-і әйел бақ сынаса, ерлерден 272 адам семсерлесті. Командалық сайыстарға 31 ер және 23 әйел құрамасы қатысты. Ал турнирде Қазақстан атынан 30 спортшы бақ сынады.

Інжу МАРЖАН



ПИЦЦА: КЕДЕЙЛЕР АСЫНАН КОРОЛЬДІК ТАҒАМҒА АЙНАЛҒАН ДӘМ

Бұл тағамның түп-тамыры ежелгі өркениеттерге барып тіреледі. Мәселен, көне мысырлықтар мен гректер жалпақ нанның үстіне түрлі дәмдеуіш пен май жағып жеген. Бірақ біз білетін классикалық пицца өз шынайы болмысын Италияның Неаполь қаласында тапты.

Бұл тағам XVIII ғасырда Неаполь көшелерінде қарапайым халыққа арналған арзан әрі тойымды ас ретінде кеңінен тарала бастады. Ол кезде қызанақ Еуропада жанадан пайда болып, алғашында күдікпен қаралғанымен, уақыт өте келе пиццаның басты құрамдас бөлігіне айналды. Әсіресе «Маргарита» пиццасының тарихы ерекше. Аңызға сүйенсек, 1889 жылы италиялық аспаз Рафаэле Эспозито савойлық Маргарита патшайымға арнап қызанақ, моцарелла

ірімшігі және насыбайгүлден тұратын пицца әзірлеген. Бұл үш түс Италия туының рендерін бейнелеген екен.

Қызығы, пицца алғашында тек кедейлердің асы саналса, бүгінде ол әлемдік гастрономияның символына айналды. XX ғасырда италиялық эмигранттар арқылы пицца Америкаға жетіп, сонда ерекше қарқынмен дамыды. Қазір АҚШ-та жыл сайын миллиардтаған дана пицца сатылады. Тіпті америкалықтар үшін бұл тағам футбол матчтары мен отбасылық кештердің ажырамас бөлігіне айналған.

Таңғаларлығы, әлемдегі ең қымбат пиццалардың бірі Италияда дайындалады және оның бағасы мыңдаған долларды құрайды екен. Оның құрамына сирек кездесетін трюфельдер, теңіз өнімдері

Пицца – қазіргі асхананың ең танымал тағамдарының бірі. Алайда оның тарихы тек қазіргі заманмен шектелмесі анық. Танымалдығы соншалық, бұл тағамсыз мейрамдарда жайылатын дастарханды, достармен өткізетін қызықты кештерді елестетудің өзі қиын.

және ерекше ірімшіктер кіреді. Ал ең үлкен пицца 2012 жылы Римде дайындалып, оның аумағы 1200 шаршы метрден асқан. Осындай көрсеткішпен бұл тағам рекорд орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына енген.

Пицца тек дәмді ас қана емес, мәдениеттер тоғысының айқын көрінісі. Әр ел оны өз талғамына сай өзгертіп, жаңа қырынаны танытып келеді. Мысалы, Жапонияда теңіз өнімдері мен майонез қосылса, Бразилияда тіпті тәтті пицца түрлері кең таралған. Қазір елімізде «суши-пицца» түрі танымалдылық жинап келеді.

Осылайша қарапайым қамыр мен бірнеше қоспадан басталған бұл тағам бүгінде бүкіл әлемді біріктіретін ортақ дәмге айналды.

Қорлан САРЫ

Суреттер ашық дереккөзден алынды